

Ленин жұлдызы

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 225
(6926)
1944 жыл
Жексенбі
12 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

...Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде.

И. СТАЛИН.

Сертімізді аброймен орындайық!

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың Улы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығы туралы тарихи баяндамасы еліміздің колхозшы шаруалары, жұмысшылары мен интеллигенциясы арасында отаншылдық жаңа жігер туғызып, оларды еңбек майданында тамаша ерлік істерге жұмылдырды.

Совет халқы данышпан қолбасшымыз Сталин жолдастың тарихи баяндамасы мен бұйрығын өндірістік жаңа жігер, күш-қайратпен, зор ықласпен қарсы алды. Жер-жерлерде сан мыңдаған адам қатысқан митингілер мен жыйылыстарда еңбекшілер ұлы көсемімізге, ардақты отанымызға шексіз сүйіспеншілік сезімін білдіріп, совет отаншылдығының жарқын бейнесін ыспаттады, еңбек майданында жаңа ерлік істерге жетуге серт берді.

Даңқты Октябрь мерекесіне қызу әзірлене отырып, бүкіл еліміздің, оның ішінде облысымыздың еңбекшілері отан соғысы майданындағы айбынды жауынгерлеріміз сияқты, ел ішінде де алуан-алуан зор жеңістерге жетіп, мереке күніне лайықты табыстармен келді. Октябрь алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету нәтижесінде көптеген кәсіп орындары айлық, жылдық өндіріс жоспарларын сан-сапа жағынан мінсіз орындады.

Колхозшы шаруалар егін даласында тыңғылықты жұмыс істеді. Осының нәтижесінде алдыңғы қатарлы колхоздарымыз бен совхоздарымыз мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін мүлтіксіз орындай отырып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыруды мейлінше өрістетті. Бұл сияқты игілікті іске колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері ерекше белсенділікпен қатысып, үлгі көрсетті.

Сталин жолдас колхозшы шаруалардың, кеңес әйелдері мен даңқты жастардың тамаша ерлік істеріне жоғары баға берді.

«Қазіргі уақыттың қаруынсыз,—деді Сталин жолдас—армия соғыста жеңе алмайды. Сол сияқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Колхозшы шаруалардың қамқорлығы арқасында Қызыл Армия соғыстың төртінші жылында азық-түлік жағынан ташылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде.

Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда еңбектің негізгі салмағын көтерген совет әйелдері мен даңқты жастарымыздың еңбек майданындағы теңдесі жоқ ерлік істері тарихтан мәңгі орын алады».

Сүйікті көсеміміздің жоғары баға беруі—колхозшылар үшін, совет әйелдері мен даңқты жастарымыз үшін аса зор награда, үлкен аброй. Сондықтан да олардың әрқай

сысы даңққа сай еңбек істеуге тиіс. Бұл әрі хасиетті әрі ардақты борыш.

Мереке алдында қол жеткен табыстарды баянды етіп, кемеңгер көсеміміздің шақыруына лайықты жауап ретінде еңбек майданының қызметкерлері ұлғайтылған міндеттемелер алууда. Өнеркәсіп орындарының коллективтері жылдық өндіріс программасын мінсіз орындап, бұйым өнімін арттыра түсуге, колхозшылар еліміз бен майданға азық-түлікті, өнеркәсіпке шикі затты неғұрлым көп беруге, мемлекет алдындағы міндетті борышты мерзімінен бұрын орындаумен қатар, жеңіс қорына жоспардан тыс астық өткізуге серт беруде. Олар берген сертін аброймен орындайды. Демек алған міндеттеме мен берген сертті іс жүзінде орындау—совет адамдарының дәстүрлі ісі.

Украин егіншілерінің игілікті бастамасы бойынша облысымызда Қызыл Армия қорына астық тапсыру ісі кеңінен құлаш жайды. Жоспардан тыс астық тапсыру ісіне колхоз, совхоздармен қатар колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері де белсенділікпен қатысуда. Газетіміздің кешегі санында Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелі мүшелерінің облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, комбайншылары мен тракторшыларына арнаған хаты жарияланды. Бұл колхоздың мүшелері батыр Қызыл Армияның астық қорын молайту үшін өздерінің дербес қорынан 720 пұт астық тапсырып, барлық колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін бұл игілікті іске жаппай қатысуға шақырды. Жеңісіміздің сәулетті күнін жақындата түсу, айбынды әскерлеріміздің Берлин үстіне жеңіс туын тігу сағатын тездету жолындағы бұл игілікті істің барлық жерде өріс алып, оған колхозшы шаруалардың, комбайншылар мен тракторшылардың белсене қатынасатындығына сенім зор.

Өнеркәсіп орындарының өндірістік жоспарды әрдайым мүлтіксіз орындау, бұйым өнімін арттыру, еліміз бен майданның азық-түлік, өнеркәсіптің шикі зат жөніндегі қажетін тыңғылықты өтеу, мал шаруашылығын барған сайын өркендетіп, оның өнімін көбейту, малды жылы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз ету жөнінде берген серттің аброймен орындалуы үшін барлық күш-жігер жұмсалуда тиіс. Бұл істе социалистік жарысты мейлінше өрістетуге керек. Астық жөніндегі борышты өтеу және жоспардан тыс астық тапсыру жөнінде алған міндеттемені іс жүзінде орындау үшін егін бақтыру, дайындау орындарына астық тасу жұмыстарын күні-түні үздіксіз жүргізу қажет. Бұл жұмыстарды тыңғылықты ұйымдастырып, өрістетуде жергілікті партия, комсомол ұйымдары істі өздері басқарып, шешуші роль атқаруға тиіс.

Сталин жолдас даңқты Қызыл Армия алдына—фашист аюанды оның өз үңгірінде біржолата құрту және Берлин үстіне жеңіс туын тігу сияқты жауынгерлік міндет қойды. Айбынды әскерлеріміздің бұл тарихи міндетті тез арада аброймен орындауы үшін ел еңбекшілері аянбай күш-қайрат жұмсайды.

Москва облысының колхоздары міндеттемелерін орындады

Москва облысының колхоздары Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 300 мың пұт астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындады.

1944 жылғы 5 ноябрьге дейін облыстың колхоздары Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 305 мың пұт астық тапсырды.

(ТАСС).

Кеңес Хабаршы бюросынан 10 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

10 ноябрьде ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ХЕЕ БАБА, ХЕЕ ПАПИ, МАРГИТ, БОР-ШОДСЕМЕРЕ, ТАРПИСЕНТИМКОЛОШ, ПЕЛЬ, МАЙОР, ПИЛИШ қыстақтары мен ЧИЧЕТАНЬЯ темір жол станциясын ұрыспен алды. Сонымен, әскерлеріміз БУДАПЕШТ-МИШКОЛЦ темір жолын кесіп өтті. 8 және 9 ноябрьде ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз венгрлер мен немістердің 4.100 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді. 9 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 15 танкін қыйратты, жойды.

* * *

Венгрияда Тисса және Дунай өзендерінің аралығында әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Н. құрамасының бөлімдері гитлершілдердің қарсы атакаларын тойтара отырып, Тисса өзенінің батыс жақ жағалауындағы бұдан бұрын алынған табан тірейтін шепті кеңейтті. Немістер әресе Будапешт-Мишколц темір жолын табан тіресе қорғайды. Совет жаяу әскерлері қатты ұрыстарда дұшпанның қарсылығын жеңіп, Маргит қыстағын алды, сөйтіп Будапешт-Мишколц темір жолын кесіп өтті. Гитлершілдер совет бөлімдерін кері қуып тастауға тырысты, алайда олардың барлық қарсы атакалары табыссыз болды. Күн тәулік ішінде бұл учаскеде немістер мен венгрлердің 700ден аса солдатты мен офицері жойылды, дұшпанның 9 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды. Жаудан ол жа, оның ішінде өздігінен жүретін зеңбірек, 12 дала зеңбірегі, 2 радио станция, соғыс мүлкін қойған склад және оқ-дәрі тиеген үлкен керуен қолға түсірілді. Цеглед қаласының солтүстік-батыс жағында қатты ұрыстар болды. Дұшпан будапешті қорғап тұрған әскер топтарын үздіксіз күшейту де болды. Немістер СС танк дивизиясы мен атты әскер дивизиясын ұрысқа шығарды. Аз уақыт артиллерия дайындығынан кейін әскерлеріміз жауға шабуыл жасады, сөйтіп алға баса отырып, Пилиш ірі тіректі бекінісін алды. Дұшпан адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

* * *

Шығыс Пруссияда әскерлеріміз артиллерия мен минометтерден нәсерлете оқ атып, дұшпанның атыс бекіністері мен шоғырланған жаяу әскерлерін жойды. Н. бөлімінің бөлімшелері немістерге тұтқыйылдан шабуыл жасады. Қатты ұрыста совет жауынгерлері бір ротадай гитлершілдерді қырып салып, дұшпанның көп адамды қолға түсірді. Екінші бір учаскеде артиллерияшыларымыз бен минометшілеріміз жаудың шеп-

теріне оқ жаудырып, шабуыл жасады. Дұшпанның артиллерия батареясы жойылды, оқ-дәрі қойған склады талқандалды.

* * *

Пултускі қаласының солтүстік жағында алдыңғы бөлімшелеріміз ұрыспен барлау жүргізуге тырысқан гитлершілдердің атама сын тойтарды. Шептеріміздің төңрегінде жаудың 50ден аса өлігі қалды. Немістердің өздігінен жүретін 1 зеңбірегі миналарға соқтығып, өртенді.

* * *

Неміс армиясына зорлықпен алынған поляктар Қызыл Армия жағына шығуда. Немістердің 281-жауу әскер дивизиясындағы 505-полктің Қызыл Армия жағына шыққан солдатты Тадеуш К. мынаны мәлімдеді: «Мен полякпын, Польшаны құлданып, поляк халқын тұншықтырып отырған немістерді жек көремін. Быйылғы январь айында мені зорлықпен неміс армиясына алды. Немістер өздері үшін менің қан төккенімді тәуір көрді. Мен майданға келдім, сөйтіп алғашқы мүмкіншілік тусымен-ақ Қызыл Армия жағына шықтым. КСРОда поляк армиясы құрылғандығын мен жолдастарымнан естідім. Менің бір ғана тілегім бар. Ол—осы армияның солдатты болып, қолға қару алып, немістерге қарсы соғысу. Мен поляк халқына қайғы-хасірет шектіріп, оларды азапқа салғаны үшін гитлершіл жендеттерден кек алғым келеді».

Немістердің 97-таулық-атқыштар дивизиясындағы 207-полктің Қызыл Армия жағына шыққан солдатты Казимир Л. былай деді: «Немістер поляктарды кісі деп санамайды. Гитлершілдер менің отанымды тонап, қорлауда. Поляк мектептері мен шіркеулері жабылды. Мыңдаған оқытушылар, дәрігерлер мен дін иелері гестапо түнегінде азап шекті. Қызыл Армияның қазірдің өзінде Польша жерінің бірсыпыра бөлегін неміс басқыншылардан азат еткендігі бізге мәлім болды. Менің поляк армиясына қосылып, немістерден рахымсыз кек алғым келеді».

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығын мерекелеумен байланысты шет ел саяси қайраткерлерінің құттықтаулары

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығын мерекелеумен байланысты, шет елдердің саяси қайраткерлерінен мынадай құттықтаулар алынды:

КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Калинин жолдастың атына Мексика Құрама Штаттарының Президенті Мануэль Анил Камачодан, Норвегия королі Хааконнан, Люксембургтың Улы Герцогиясынан, Югославияның грек королі Петр II-ден құттықтаулар алынды.

КСРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі және Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың атына Норвегияның бас министрі Иоган Нюгордевольдан, Польша жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретарі Веславтан, Польшаның бұқара пар-

тиясы басқармасынан, Бельгияның бас министрі Пьерлодан, Румынияның министрлер Советінің председателі генерал Санатескуден, Канаданың бас министрі Маккензи Кингтен құттықтаулар алынды.

КСРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары және Сыртқы Істер Халық Комиссары Молотов жолдастың атына Мексиканың Сыртқы Істер министрі Эскиель Падиль Ян Масарик мырзадан, АҚШтың мемлекеттік секретарінің қызметін атқарушы А.Р. Стеттиниус мырзадан, Польшаның Ұлт азаттығы комитетінің председателі Осубка Моравскийден, Түркияның Сыртқы Істер министрі Хасан Сака мырзадан құттықтаулар алынды.

Ленин тууы

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 225
(6926)
1944 жыл
Жексенбі
12 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

...Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде.

И. СТАЛИН.

Сертімізді аброймен орындайық!

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың Улы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығы туралы тарихи баяндамасы еліміздің колхозшы шаруалары, жұмысшылары мен интеллигенциясы арасында отаншылдық жаңа жігер туғызып, оларды еңбек майданында тамаша ерлік істерге жұмылдырды.

Совет халқы данышпан қолбасшымыз Сталин жолдастың тарихи баяндамасы мен бұйрығын өндірістік жаңа жігер, күш-қайратпен, зор ықласпен қарсы алды. Жер-жерлерде сан мыңдаған адам қатысқан митингілер мен жыйылыстарда еңбекшілер Улы көсемімізге, ардақты отанмызға шексіз сүйіспеншілік сезімін білдіріп, совет отаншылдығының жарқын бейнесін ыспаттады, еңбек майданында жаңа ерлік істерге жетуге серт берді.

Даңқты Октябрь мерекесіне қызу әзірлене отырып, бүкіл еліміздің, оның ішінде облысымыздың еңбекшілері отан соғысы майданындағы айбынды жауынгерлеріміз сияқты, ел ішінде де алуан-алуан зор жеңістерге жетіп, мереке күніне лайықты табыстармен келді. Октябрь алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету нәтижесінде көптеген кәсіп орындары айлық, жылдық өндіріс жоспарларын сан-сапа жағынан мінсіз орындады.

Колхозшы шаруалар егін даласында тыңғылықты жұмыс істеді. Осының нәтижесінде алдыңғы қатарлы колхоздарымыз бен совхоздарымыз мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін мүлтіксіз орындай отырып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыруды мейлінше өрістетті. Бұл сияқты игілікті іске колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері ерекше белсенділікпен қатысып, үлгі көрсетті.

Сталин жолдас колхозшы шаруалардың, кеңес әйелдері мен даңқты жастардың тамаша ерлік істеріне жоғары баға берді.

«Қазіргі уақыттың қаруынсыз,—деді Сталин жолдас—армия соғыста жеңе алмайды. Сол сияқты ол астықсыз, азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Колхозшы шаруалардың қамқорлығы арқасында Қызыл Армия соғыстың төртінші жылында азық-түлік жағынан тапшылық көрмей отыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен жабдықтауда, майданға қару-жарақ, жабдық даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етуде. Колхозшы шаруаларымыз өздерінің отан алдындағы борышын толық түсініп, Қызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде.

Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда еңбектің негізгі салмағын көтерген совет әйелдері мен даңқты жастарымыздың еңбек майданындағы теңдесі жоқ ерлік істері тарихтан мәңгі орын алады».

Сүйікті көсеміміздің жоғары баға беруі—колхозшылар үшін, совет әйелдері мен даңқты жастарымыз үшін аса зор награда, үлкен аброй. Сондықтан да олардың әрқай

сысы даңққа сай еңбек істеуге тиіс. Бұл әрі хасиетті әрі ардақты борыш.

Мереке алдында қол жеткен табыстарды баянды етіп, кеменгер көсеміміздің шақыруына лайықты жауап ретінде еңбек майданының қызметкерлері ұлғайтылған міндеттемелер алуда. Өнеркәсіп орындарының коллективтері жылдық өндіріс программасын мінсіз орындап, бұйым өнімін арттыра түсуге, колхозшылар еліміз бен майданға азық-түлікті, өнеркәсіпке шикі затты неғұрлым көп беруге, мемлекет алдындағы міндетті борышты мерзімінен бұрын орындаумен қатар, жеңіс қорына жоспардан тыс астық өткізуге серт беруде. Олар берген сертін аброймен орындайды. Демек алған міндеттеме мен берген сертті іс жүзінде орындау—совет адамдарының дәстүрлі ісі.

Украин егіншілерінің игілікті бастамасы бойынша облысымызда Қызыл Армия қорына астық тапсыру ісі кеңінен құлаш жайды. Жоспардан тыс астық тапсыру ісіне колхоз, совхоздармен қатар колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері де белсенділікпен қатысуда. Газетіміздің кешегі санында Совет ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артели мүшелерінің облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, комбайншылары мен тракторшыларына арнаған хаты жарияланды. Бұл колхоздың мүшелері батыр Қызыл Армияның астық қорын молайту үшін өздерінің дербес қорынан 720 пұт астық тапсырып, барлық колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін бұл игілікті іске жаппай қатысуға шақырды. Жеңісіміздің сәулетті күнін жақындата түсу, айбынды әскерлеріміздің Берлин үстіне жеңіс туын тігу сағатын тездету жолындағы бұл игілікті істің барлық жерде өріс алып, оған колхозшы шаруалардың, комбайншылар мен тракторшылардың белсене қатынасындығына сенім зор.

Өнеркәсіп орындарының өндірістік жоспарды әрдайым мүлтіксіз орындау, бұйым өнімін арттыру, еліміз бен майданның азық-түлік, өнеркәсіптің шикі зат жөніндегі қажетін тыңғылықты өтеу, мал шаруашылығын барған сайын өркендетіп, оның өнімін көбейту, малды жылы қора, құнарлы азықпен қамтамасыз ету жөнінде берген серттің аброймен орындалуы үшін барлық күш-жігер жұмсалуда тиіс. Бұл істе социалистік жарысты мейлінше өрістетуге керек. Астық жөніндегі борышты өтеу және жоспардан тыс астық тапсыру жөнінде алған міндеттемені іс жүзінде орындау үшін егін бастыру, дайындау орындарына астық тасу жұмыстарын күні-түні үздіксіз жүргізу қажет. Бұл жұмыстарды тыңғылықты ұйымдастырып, өрістетуде жергілікті партия, комсомол ұйымдары істі өздері басқарып, шешуші роль атқаруға тиіс.

Сталин жолдас даңқты Қызыл Армия алдына—фашист аюанды оның өз үңгірінде біржолата құрту және Берлин үстіне жеңіс туын тігу сияқты жауынгерлік міндет қойды. Айбынды әскерлеріміздің бұл тарихи міндетті тез арада аброймен орындауы үшін ел еңбекшілері аянбай күш-қайрат жұмсайды.

Москва облысының колхоздары міндеттемелерін орындады

Москва облысының колхоздары Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 300 мың пұт астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындады.

1944 жылғы 5 ноябрьге дейін облыстың колхоздары Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 305 мың пұт астық тапсырды.

(ТАСС).

Кеңес Хабаршы бюросынан 10 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

10 ноябрьде ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ХЕЕ БАБА, ХЕЕ ПАПИ, МАРГИТ, БОР-ШОДСЬМЕРЕ, ТАРПИСЕНТМИКЛОШ, ПЕЛЬ, МАЙОР, ПИЛИШ қыстақтары мен ЧИНЧЕТАНЬЯ темір жол станциясын ұрыспен алды. Сонымен, әскерлеріміз БУДАПЕШТ-МИШКОЛЦ темір жолын кесіп өтті. 8 және 9 ноябрьде ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз венгрлер мен немістердің 4.100 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді. 9 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 15 таңкін қыйратты, жойды.

* * *

Венгрияда Тисса және Дунай өзендерінің аралығында әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Н. құрамасының бөлімдері гитлершілдердің қарсы атакаларын тойтара отырып, Тисса өзенінің батыс жақ жағалауындағы бұдан бұрын алынған табан тірейтін шепті кеңейтті. Немістер ересе Будапешт-Мишколц темір жолын табан тіресе қорғалды. Совет жаяу әскерлері қатты ұрыстарда дұшпанның қарсылығын жеңіп, Маргит қыстағын алды, сөйтіп Будапешт—Мишколц темір жолын кесіп өтті. Гитлершілдер совет бөлімдерін кері қуып тастауға тырысты, алайда олардың барлық қарсы атакалары табыссыз болды. Күн тәулік ішінде бұл учаскеде немістер мен венгрлердің 700ден аса солдатты мен офицері жойылды, дұшпанның 9 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды. Жаудан ол жа, оның ішінде өздігінен жүретін зеңбірек, 12 дала зеңбірегі, 2 радио станция, соғыс мүлкін қойған склад және оқ-дәрі тиеген үлкен керуен қолға түсірілді. Цеглед қаласының солтүстік-батыс жағында қатты ұрыстар болды. Дұшпан будапешті қорғап тұрған әскер топтарын үздіксіз күшейту де болды. Немістер СС танк дивизиясы мен атты әскер дивизиясын ұрысқа шығарды. Аз уақыт артиллерия дайындығынан кейін әскерлеріміз жауға шабуыл жасады, сөйтіп алға баса отырып, Пилиш ірі тіректі бекінісін алды. Дұшпан адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

* * *

Шығыс Пруссияда әскерлеріміз артиллерия мен минометтерден нәсерлете оқ атып, дұшпанның атыс бекіністері мен шоғырланған жаяу әскерлерін жойды. Н. бөлімінің бөлімшелері немістерге тұтқыйылдан шабуыл жасады. Қатты ұрыста совет жауынгерлері бір ротадай гитлершілдерді қырып салып, дұшпанай көп адамды қолға түсірді. Екінші бір учаскеде артиллерияшыларымыз бен минометшілеріміз жаудың шеп-

теріне оқ жаудырып, шабуыл жасады. Дұшпанның артиллерия батареясы жойылып, оқ-дәрі қойған склады талқандалды.

* * *

Пултускі қаласының солтүстік жағында алдыңғы бөлімшелеріміз ұрыспен барлау жүргізуге тырысқан гитлершілдердің атама сын тойтарды. Шептеріміздің төңрегінде жаудың 50ден аса өлігі қалды. Немістердің өздігінен жүретін 1 зеңбірегі миналарға соқтығып, өртенді.

* * *

Неміс армиясына зорлықпен алынған поляктар Қызыл Армия жағына шығуда. Немістердің 281-жаяу әскер дивизиясындағы 505-полктің Қызыл Армия жағына шыққан солдатты Тадеуш К. мынаны мәлімдеді: «Мен полякпын, Польшаны құлданып, поляк халқын туншықтырып отырған немістерді жек көремін. Быйылғы январь айында мені зорлықпен неміс армиясына алды. Немістер өздері үшін менің қан төккенімді тәуір көрді. Мен майданға келдім, сөйтіп алғашқы мүмкіншілік тусымен-ақ Қызыл Армия жағына шықтым. КСРОда поляк армиясы құрылғандығын мен жолдастарымнан естідім. Менің бір ғана тілегім бар. Од—осы армияның солдатты болып, қолға қару алып, немістерге қарсы соғысу. Мен поляк халқына қайғы-хасірет шектіріп, оларды азапқа салғаны үшін гитлершіл жендеттерден кек алғым келеді».

Немістердің 97-таулық-атқыштар дивизиясындағы 207-полктің Қызыл Армия жағына шыққан солдатты Қазимир Л. былай деді: «Немістер поляктарды кісі деп санамайды. Гитлершілдер менің отанымды тонап, қорлауда. Поляк мектептері мен шіркеулері жабылды. Мыңдаған оқытушылар, дәрігерлер мен дін иелері гестапо түнегінде азап шекті. Қызыл Армияның қазірдің өзінде Польша жерінің бірсыпра бөлегін неміс басқыншылардан азат еткендігі бізге мәлім болды. Менің поляк армиясына қосылып, немістерден рахымсыз кек алғым келеді».

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығын мерекелеумен байланысты шет ел саяси қайраткерлерінің құттықтаулары

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығын мерекелеумен байланысты, шет елдердің саяси қайраткерлерінен мынадай құттықтаулар алынды:

КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Калинин жолдастың атына Мексика Құрама Штаттарының Президенті Мануэль Анил Камачодан, Норвегия королі Хааконнан, Люксембургтың Улы Герцогиясынан, Югославияның грек королі Петр II-ден құттықтаулар алынды.

КСРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі және Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың атына Норвегияның бас министрі Иоган Нюгордевольдан, Польша жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің секретарі Веславтан, Польшаның бұқара пар-

тиясы басқармасынан, Бельгияның бас министрі Пьерлодан, Румынияның министрлер Советінің председателі генерал Санатескуден, Канаданың бас министрі Маккензи Кингтен құттықтаулар алынды.

КСРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары және Сыртқы Істер Халық Комиссары Молотов жолдастың атына Мексиканың Сыртқы Істер министрі Эскиель Падиль Ян Масарик мырзадан, АҚШтың мемлекеттік секретарінің қызметін атқарушы А.Р. Стеттинус мырзадан, Польшаның Ұлт азаттығы комитетінің председателі Осубка Моравскийден, Түркияның Сыртқы Істер министрі Хасан Сака мырзадан құттықтаулар алынды.

КЕМЕҢГЕР КӨСЕМІМІЗ СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ ТАРИХИ БАЯНДАМАСЫНА ҚАЖІРЛІ ЕҢБЕК ІСТЕУМЕН ЖАУАП БЕРЕЙІК!

ҮЛҒАЙТЫЛҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕР АЛДЫ

Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың Октябрь Революциясының XVII жылдығы туралы баяндамасына арналған митингі Резчик жолдас директор болып істейтін заводта зор жігермен зор әреумен өтті. Кемсегер көсемнің данышпандық сөздері жұмысшыларды жаңа ерліктерге жігерлендірді.

Глушков жолдас бастық болып істейтін цехтың жұмысшылары Сталин жолдастың тарихи баяндамасына жаңа өндірістік табыстарға жетумен жауап беру үшін вахтаға тұрып, еңбек өнімін 6 процент арттырды. Олар ноябрь айының өндірістік жоспары мерзімінен бұрын орындауға уәде берді.

Рясенко жолдас басқарған цехтың коллективі майдандағыша жұмыс істеуде. Олар октябрь айының өндірістік жоспарын толық орындап, колхоздарға көмек ретінде 5 мың сомның қосалқы бөлшектерін өндірді. Коллектив ноябрь айының өндірістік жоспарын 110 процент орындауға міндеттенді.

Яковлева жолдас басқаратын майдандық комсомол-жастар бригадасының мүшелері сүйікті көсеміміздің сөзіне жігерленіп, күнделік жұмыс мөлшерін екі есе-үш есе арттырып орындауға міндеттенді.

Заводтың мандай алды стахановшылары Юдин, Малахов, Макарова жолдастар ноябрь айында жұмыс-тапсырмасын бір жарым есе артығымен орындап, жұмыстан бос уақытта жас жұмысшыларға өздерінің жұмыс әдістерін үйретіп берді.

Завод коллективі Сталин жолдастың тарихи баяндамасымен жігерленіп, майданға еселеп көмек көрсету үшін барлық күш-жігерлерін жұмсауда.

Е. МАЛАЕВ.

ЕҢБЕК ӨНІМІН АРТТЫРУДА

Петропавлдағы Сталин атындағы қолөнершілер артелинің жұмысшылар коллективі Сталин жолдастың тарихи баяндамасына өндірісте жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістетті. Барлық цехтар мен бригадаларда көсемнің баяндамасын оқып, үйрену ісі ұйымдастырылды. Әрбір цехтарға үгітшілер бөлінді.

Пима басушы цехтың жұмысшылары октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыста еңбек өнімін 200 процентке жеткізуге уәде берген еді. Олар стахановша еңбек істеп, бұл уәдесін аброймен орындады. Қажірлі жұмыс істеу нәтижесінде ноябрь айының онкүндік жұмыс тапсырмасын едәуір артығымен орындап, артельде бірінші орынға ие болды.

Бұл цехтан киім тігу цехының жұмысшылары да қалысатын емес. Цех коллективі мереке алдындағы социалистік жарыста еңбек өнімін 7 процент арттырып, октябрь айының өндірістік жоспарын 25 октябрьде толық орындауға міндеттенген еді. Олар міндеттемелерін орындады.

Жұмысшылар Романов, Жуманова, Кузнецова жолдастар социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап жүр. Олардың әрқайсысы ноябрь айының онкүндік жұмыс тапсырмасын 170 процент орындады. Комсомол мүшесі Семенова мен Ефремова жолдастар жұмыс жоспарын күн сайын екі есе орындайды.

Артель коллективі шабуылдағы батыр Қызыл Армияға көмекті бұрынғыдан да еселеп күшейту үшін ноябрь айының өндірістік жоспарын толық орындамақ.

Е. ИМАНБАЕВ.

Киров атындағы колхозда

Киров атындағы ауыл шаруашылық артели Бозарал көлінің жағалауына орналасқан. Мұнда небары 56 үй бар. Бұл колхоздың отан алдында істеген еңбегі ушан-теңіз.

Быйылғы мол егінді жыйнауға колхозды ауылдың кәрі-жасы бір кісідей еңбекке жұмылды. Олар егін даласында таңсәріден түн қараңғысына дейін жұмыс істеп, ел ішінде жеңісті шыңдады.

Колхоз председателі Аманжол Мүсірәлин жолдас мол егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алуға еңбекті іскерлікпен ұйымдастырды. Ол қолда бар мүмкіншілікті жұмыстың әрбір саласына дұрыс бөліп, колхозшыларды қажірлі еңбекке жұмылдыра білді.

Колхозшылар да өздерінің отан-мен майдан алдында борышты екендіктерін жақсы түсініп, майдандағыша еңбек істеді. Колхозшы Жанпейіс Айтбаев жолдас егін жыйнау, астық бастыру жұмыстарында стахановша еңбек істеп, үй-ішімен 1200дей еңбек күн тапты. Колхозда жанаямай еңбек істеп жүрген колхозшылардың бірі—Данил Филипенко жолдас. Данил қарт былай дейді.

—Жасым біде. Бес ұлым майданда жауға қарсы шайқасып жүр. Өзім жасымның ұлғайғанына қарамастан, еңбек майданында қажірлі еңбек істеп, жауынгер ұлдарыма көмектесудемін. Жанаямай еңбек істеу нәтижесінде егін жыйнау кезінде 700ден аса еңбек күн таптым. Ұлдарым жеңіспен елге келгенге дейін колхоз жұмысына қол үзбеймін. Майдандағы балаларымның Берлин үстінде жеңіс туын тез тігуі үшін колхозда соғыстағыша еңбек істеп, оларға еселеп көмек көрсетемін.

Колхозшылар Ж. Әбжанов, О. Панченко

Қолөнершілердің серті

Петропавлдағы «Екпінді» артелинің (председателі Сәбитов жолдас) жұмысшылары мен қызметкерлері Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың баяндамасына өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беруде.

Артельдің барлық цехтарында митингі болып өтті. Митингіде жұмысшылар майданға көмекті еселеп күшейту үшін ұлғайтылған міндеттемелер алды. Комсомол мүшесі Ганеева жолдас сөз алып сөйлеп, былай деді:

—Мен бұдан бұрын күнделікті жұмыс мөлшерін үнемі 200 процент орындап келдім. Енді бұрынғыдан да қажірлі еңбек

МАЙДАНДАҒЫША ЖҰМЫС ІСТЕМЕК

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). Пресновкадағы өндіріс комбинатының жұмысшылары Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасына арналған митингіге жыйналды. Митингіні комбинат директоры Божань жолдас ашып, былай деді:

—Кемсегер көсеміміздің сөзіне өндірістік жоспарды артығымен орындап, майданмен еліміз үшін жоспардан тыс неғұрлым көп өнім өндірумен жауап береміз.

Комбинатымыз өндірістік жоспарларды

МАЛ ҚЫСТАТУҒА ӘЗІР

«Көк терек» колхозының мал өсірушілері (Октябрь ауданы) мал қыстатуға әзірлік жұмыстарында стахановша еңбек істеп, үлгі көрсетті. Олар қысқы күндері колхоз малына жеткілікті 1300 центнер пішен дайындады. 5000 центнерден аса шөп мал

жолдастар тағы басқалары еңбекте үлгі көрсетіп жүр.

Колхозшылардың уақытпен санаспай тын бастан еңбек істеуі нәтижесінде колхоз егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын, толық орындап шықты. Колхоз мемлекетке 2044 центнер астық тапсырды. Мұнымен бірге, олар Советтік Украина колхозшыларының шақыруын қошеметпен қарсы алып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 720 пұт астық тапсырды. Сөйтіп, облысымыздың колхозшылары мен колхозшы әйелдерін жеңіс қорына жоспардан тыс еселеп көп астық тапсыруға шақырды.

Колхоздың мал өсірушілері де октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындады. Олар қоғамдық малды кұнарлы азықпен толық қамтамасыз етті. Мал қораларын сапалы жөнделді. Колхоз малшылары, өз міндеттерін аброймен орындау үшін барлық күш қайратын жұмсады. Соның нәтижесінде колхозда ірі қара мал өсіру жоспары 100,5 процент, қой өсіру жоспары 110 процент орындалды. Басқа түліктерді өсіру жоспары да толық орындалды.

Киров атындағы ауыл шаруашылық артелинің колхозшылары мен колхозшы әйелдері кемсегер көсеміміз Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасын зығыннан кейін ауыл шаруашылық жұмысінде белсенділіктерін арттыра түсті. Олар сүйікті көсеміміздің тарихи баяндамасына жауап ретінде, ел ішінде қажірлі еңбек істеп, батыр Қызыл Армияға еселеп көмектесуге міндеттенді.

Қ. ТҰЯҚБАЕВ,

Совет аудандық жер бөлімінің меңгерушісі.

істеп, еңбек өнімділігін 250—300 процентке жеткіземін.

Стахановшы комсомол мүшесі Сағаутдинов жолдас та сөз алып сөйледі.

—Көсеміміздің тарихи баяндамасына жауап ретінде, күнделік жұмыс мөлшерін 400 процент орындаймын және барлық артель жұмысшыларын үлгі алуға шақырамын.

Артель коллективі жанқырлықпен жұмыс істеп, жылдық жоспарды Сталиндік Конституция күніне дейін орындап, жоспардан тыс 100 мың сомның өнімін өндіруге міндеттеме алды.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

орындауға үнемі алда келеді. Ұлы Октябрь алдындағы жарыста жұмысшыларымыз майдандағыша жұмыс істеді. Пима басушылар А. Воропаева, Е. Коль жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін 175—200 процент орындап отырды. Ағаштан аспаптар жасайтын цехта жұмыс істеуші шебер Чуков жолдас та жұмыста үлгі көрсетті. Ол жұмыс тапсырмасын әр дайым 130—150 процент орындады.

Біздің комбинаттың жұмысшылары кемсегер көсеміміз Сталин жолдастың октябрь мерекесінде сөйлеген сөзіне майдандағыша жұмыс істеумен жауап береді.

қораларына үйілді.

Колхозшылар колхоз малы үшін жаңадан үш қора салды. Ескі мал қораларын сапалы жөнделді. Колхоз мал қыстатуға сақдай-сай әзір отыр.

М. ТӘЛІПОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 10 ноябрь. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген:

Одақтас әскерлері Мец-Нанси секторында Мозель өзені алқабынан шығысқа қарай алға басуда.

Одақтас әскер бөлімдері қазіргі күнде Вивье төңрегінде тұр.

Понт-А-Муссонның оңтүстік-шығыс жағындағы ауданда одақтас әскерлері Сель өзенінің шығыс жағында Морвиль-Ле-Викке және Гремси орманынан солтүстікке қарай 2,5 миль жерде Ольнуа орманы ауданына жетті. Понт-А-Муссонның солтүстік-шығыс жағында одақтас әскерлері Шеминоннан әрі қарай алға басуда. Одақтас әскерлері Мозель өзенінің арғы жақ жағалауында Тионвилладан солтүстік-шығысқа қарай алға басты.

Гюртген ауданында Шмидт қаласының батыс жағында, Гюртген қаласының оңтүстік-батыс жағындағы ауданда қатты ұрыстар болып жатыр. Фоссенакте одақтас әскерлері өз шептерін жақсартты.

Оңтүстік-батыс Голландияда Мурдейка ауданындағы көпірлер төңрегінде және Вальхерен аралында дұшпан қарсылық көрсетуді тоқтатты.

Одақтас әскерлері ауыр бомбашыларының ірі құрамалары жер бетіндегі әскерлерге көмектесіп, дұшпанның Голландия мен Германиядағы соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

ЛОНДОН, 10 ноябрь. (ТАСС). Одақтас-тардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 8-армияға қараған ағылшын бөлімдері Форли қаласы мен қатынас жолдарының орталығын алды, сөйтіп Форлидің оңтүстігіндегі ауданды дұшпанның тазартты. 5-армияның секторында одақтас әскерлерінің ұрыс қыймылдары күшейді. Әскерлерінің қыймыл жасауымен бірге тынды.

Одақтас авиациясы 9 ноябрьде жаңбыр көп жауып, күн тұман болғандықтан айтарлықтай қыймыл жасамады.

Финляндияда „Финляндия—Советтер Одағы“ қоғамының 52 бөлімшесі құрылды

ХЕЛЬСИНКИ, 9 ноябрь. (ТАСС). «Валпаа Сана» газетінің хабары бойынша, Финляндияның жер-жерлерінде «Финляндия—Советтер Одағы» қоғамының 52 бөлімшесі құрылды. Булардың мүшелерінің саны 20 мың адамнан асты. Қазіргі уақытта 30 шамалы бөлімше құрылып жатыр.

Сәедтың үкметі орнынан түсті

ТЕГЕРАН, 9 ноябрь. (ТАСС). 9 ноябрьде күндізгі сағат 2де Сәедтың үкметі орнынан түсті.

Америка авиациясының Меца ауданына шабуылы

ЛОНДОН, 10 ноябрь. (ТАСС). Ресми хабарға қарағанда, 9 ноябрьде 1.300ден аса «Ушуши қамалдар» 500ден аса истребительдерді ертіп шығып, Меца ауданындағы дұшпанның соғыс орындарына шабуыл жасады.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.